

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:

Топ: Мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 21-25 қараша 2022 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты-жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі туралы сұрау.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен ұрастыру ойындары, кітаптар қарау. Табиғат бұрышындағы еңбек. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қараша айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың сезінген әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б.				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Дыбыстарды дұрыс айтып,қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту. Әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге,сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету.Демонстрациялық жұмыс. Бақта,бақшада адамдар жемістер мен көкөністерді жинап жатқан суреттерді көрсету. Адамдардың да қысқа дайындалып жатқаны туралы айту.М.Зверевтің Су торғайы әңгімесін еске түсіру.Енді Қысқа дайындық әңгімесімен танысу. Мәнерлеп оқу. Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар. Сөздік жұмыс. Мақал-мәтел жаттау Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей.Еңбек түбі-</p>	<p>1.Қоршаған орта таныстыру Жаяу жүргіншілер ережесін меңгертуді жалғастыру.Жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды екенін әңгімелеу.Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтауға,жолда зейінді болуға дағдыландыру. Бұзба көше тәртібін. Ұрынарысың апатқа. Ұқыпты болсын әр күнің,Жақын болма шатаққа!Жұмбақ жасыру.Өзі сөйлей білмейді,Бірақтоқта, жүр дейді.Бағдаршам ойыны.Демонстрациялық материалмен жұмыс.Жол белгілері. Сөздік жұмыс: жаяужол.Жолдан өту ойыны.Шарты:әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізу.Солға қараймыз,оңға қараймыз. Топтық жұмыс.Жол белгілерін табу ойыны.</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.Қатаң,ұяң,үнді дауыссыз дыбыстарды ажыратуды жетілдіру.Артығын тап ойыны.1.Ара,өрмекші, маса,көбелек,аю. 2.Тауық,этеш,үйрек, қаз,сауысқан. 2.Мысық,түлкі,аю,қасқыр.4.Қолғап,көйлек, шалбар,етік.5.Май, шай,нан,қант,қасық. Тіл ұстарту жаттығуы. Дәптермен жұмыс. Штрихта.Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.Саусақ жаттығуы.Партадағы саусақтар.Адымдайды жүреді.Өнерлі бұл саусақтар.Сурет сала біледі.</p> <p>2.Математика негіздері Уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру,сандық</p>	<p>1.Сөйлеуді дамыту Дыбыстарды дұрыс айтып,қандай дыбыс екенін анықтай білу қабілеттерін дамыту. Әңгіме мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге, сюжеттік суреттер бойынша әңгіме құрауға үйрету.Демонстрациялық жұмыс.Бақта,бақшада адамдар жемістер мен көкөністерді жинап жатқан суреттерді көрсету.Адамдардың да қысқа дайындалып жатқаны туралы айту. М.Зверевтің Су торғайы әңгімесін еске түсіру.Енді Қысқа дайындық әңгімесімен танысу. Мәнерлеп оқу.Әңгіме мазмұны бойынша сұрақтар.Сөздік жұмыс. Мақал-мәтел жаттау Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей. Еңбек түбі-береке,Көптің түбі-мереке.Бейнетсіз рахат жоқ.Мағынасын түсіндіру.Дидактикалық ойын.Қандай дыбыс екенін анықта.Ойын</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. Берілген дыбысқа сөз құрау.Шаттық шеңбері. Мектебіміз-базарлы үй. Ауылдағы ажарлы үй. Шаттығы бар шуақты үй, Өз үйіміз сияқты.Сұрақ-жауап әдісі арқылы өткен тақырыпты қайталау. Артикуляциялық жаттығу жасау.Дыбыстарменжұмыс. Дидактикалық ойын.Кім білгіш?Ж дыбысы бар сөз айт ойын-жаттығуы. Дауысты дыбысты сөзге қос дидактикалық ойыны. Дәптермен жұмыс. Дыбыстық талдау жасау. Саусақ жаттығуы. Алақанды ысқылап, Қыздырайық балақай. Алақаның ысыды. Қараңдаршы,алақай.</p> <p>2.Математика негіздері Ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту. Ойын сәті.Әлия мен Сырым Бұл қашан болады?Жұмбақ</p>
----------------------------------	---	---	---	---	---

	<p>береке,Көптің түбі-мереке.Бейнетсіз рахат жоқ.Мағына сынтүсіндіру. Дидактикалық ойын.Қандай дыбыс екенін анықта. Ойыншарты: дыбысты айту:Ал балалар дыбыстың дауысты,дауыссыз екенін анықтайды. Дәптермен жұмыс. Тапсырмаларды орындау.</p> <p>2.Математика негіздері</p> <p>Уақыт туралы ұғымдарды қалып тастыру жұмысын жалғастыру,сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру.Ойын сәті.Апта күндері атауларын үйрету.Апта күндері өлеңі.Дүйсенбіде доп ойнадық алаңда. Сейсенбіде серуен құрдық далада, Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп.</p>	<p>Әр топ жол белгілерін табады.Жағдаятты шешу.Көшеден қалай өту керектігін түсіндіру.Ұшқыштар мен тапқырларойыны. Автокөліктің неше дөңгелегі бар?Жаяу жолда кім жүреді? Көлікті кімбасқарады? Екі жолдың қиылысы? Бағдаршамныңүштүсі. Дәптермен жұмыс. Жол белгілерін есіне сақта.Суретпенжұмыс</p> <p>2.Қазақ тілі</p> <p>Шағын мәтін құрас тыруға жаттықтыру. Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жат тығуды жалғастыру. Қонақта қуыршақтар. Ойын:қандай сөз артық? Мнемокесте арқылы әр бала қайда тұратынын айтады. Суретпен жұмыс. Бөлмеде нелер бар? Бөлме қандай?Мынау не?Сенің бөлмең барма?Дөңгелене</p>	<p>және реттік санау дағдыларын жетілдіру.Ойын сәті.Апта күндері атауларын үйрету.Апта күндері өлеңі.Дүйсенбіде доп ойнадық алаңда. Сейсенбіде серуен құрдық далада, Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп. Бейсенбіде би биледік әндетіп.Жұма күні жидек тердік ағаштан. Сенбі күні кино көрдік театрдан. Жексенбіде үйде болдық демалдық. Осылайша өте шықты бір апта.Суретпен жұмыс.Апта күндерін жаттау.Ойын жаттығуы :Дұрыс ата.Дәптермен жұмыс. 1-2 тапсырмаларды орындау.Ойын-жаттығуы Ұқыпты бол.Жаңбыр жауып, басылды.Аспан шәйдай ашылды. Қызыл,сары,жасыл ды.Көк темірзат асылды.Кемпірқосақ</p>	<p>шарты:дыбысты айту:Ал балалар дыбыстың дауысты,дауыссыз екенін анықтайды.Дәптермен жұмыс.Тапсырмаларды орындау.Балаларды кейіпкерлер –Ара,Тиін және Сарышұнақтың еңбекқорлығынан үлгі алуға шақыру.</p> <p>2.Қоршаған ортамен таныстыру</p> <p>Балаларға өздері тұратын туған ауыл,мектеп орналасқан көше туралы түсіндіру.Балалардың нақты мекен-жайын, тұрғылықты жерін атай білу дағдыларын қалыптастыру.Баспана ойыны.Е.Елубаев өлеңі бойынша.Тышқандікі-би.Түлкіікі-ым.Қойдікі-қора.Аранікі-ұя.Бақанікі-көл.Өрмекшіікі-тор. Тауықтікі-күркешік. Күшіктікі-үйшік.Ойын арқылы әр жануардың баспанасы қалай аталатынын білдік.Мекен-жай туралы сұрақтар.Әр бала өзі тұратын мекен-</p>	<p>өлеңі.Жыл мезгілдері туралы өлең. Демонстрациялық материалмен жұмыс.Жыл мезгілдерінің, айлардың атауларын бекіту. Қуыршақты жыл мезгілдеріне сай киіндіру. Үлестірмелі материалмен жұмыс.Табиғи құбылыс тарды,жыл мезгілдеріндегі адамдар киімдерін таңдайды.Дәптермен жұмыс.Жыл мезгіліне сәйкес ағаштарды таңдап,жапсыру.Доппен ойын:Жыл бойы.3-4 тапсырмалар.Графикалық жұмыс. Математикалық жазулар дәптерімен жұмыс.</p> <p>3.Шығармашылық іс-әрекет</p> <p>Шығармашылық дағдыларын қалыптастыру. Бірнеше бөліктерден заттар жасау жапсыру,құрастыру, суретін салу,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Басбармақты бассам егер. Ботакөз боп шығады. Алақанды ашсам егер. Бестаңба боп шығады.</p>
--	---	---	--	--	--

	<p>Бейсенбіде би биледік әндетіп. Жұма күні жидек тердік ағаштан. Сенбі күні кино көрдік театрдан. Жексенбіде үйде болдық демалдық. Осылайша өте шықты бір апта. Суретпен жұмыс. Апта күндерін жаттау. Ойын жаттығуы :Дұрыс ата. Дәптермен жұмыс. 1-2 тапсырмаларды орындау. Ойын-жаттығуы Ұқышты бол. Жаңбыр жауып, басылды. Аспан шәйдай ашылды. Қызыл, сары, жасылды. Көк темірзат асылды. Кемпірқосақтың жеті түсін ажырат. 3-4тапсырмаларды орындау. Келесі апта күнін ата доппен дидактикалық ойыны.</p>	<p>тұрайық, Керегені құрайық. Уық болып иіліп, Шаңыраққа киіліп, Киіз үйді құрайық. Дәптермен жұмыс. Тапсырмаларды орындау. 3. Көркем әдебиет Өлеңді жаттату арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру. Сурет бойынша әңгімелеуде теңеуді қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. Көңілді амандасу. Әдемі күліп, әркім өзінің атын атап амандасындар. Әдептілік туралы әңгіме. Әдептілік деп үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, тазалықты сүю, достарын ренжітпей ойнау, қиын кезде көмектесу. Е. Өтетілеуұлы Әдептілік әлемі өлеңін мәнерлеп оқу. Сөздік жұмыс.</p>	<p>тың жеті түсінажырат. 3-4тапсырмаларды орындау. Келесі апта күнін ата доппен дидактикалық ойыны. Математикалық жазулар дәптерімен жұмыс. 3. Қазақ тілі Шағын мәтін құрас тыруды дағдыландыру Отан туралы тақпақ үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жоғары қараймыз, Шаңырақты көреміз. Төмен қараймыз. Жерді көреміз. Оңға бұрылып, солға бұрылып. Егеменді елді көреміз. Ойын: Кім көп біледі? Менің бөлмем тақырыбында қайталау. Суретпен жұмыс: Менің Отаным. Жаңа сөздермен таныстыру. Тақпақ жаттау. Отан-сенің ата-анаң, Отан-досың, бауырың, Отан-өлкең, астанаң,</p>	<p>жайын айтады. Ғажайып жағдаят. Қуыршақ Ақжарқын. Мекенжай туралы әңгіме. Сөздік жұмысы. Айгөлек әнін айту. Дәптермен жұмыс. Айсұлу үйін схема бойынша сызып көрсет. 3. Көркем әдебиет Қоршаған орта, табиғат туралы түсінігін қалыптастыру. Ертегі мазмұнын айту арқылы театр мәдениетіне баулу. Тілдік ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын байыту. Сөздік жұмыс. Ойын жағдаяты. Ертегілер әлеміне саяхат. Ертегілердің суреттері. Жұмбақ жасыру. Жол бойында жортқан, Сыбызғысын тартқан. Қасқыр. Қандай аң? Ақымақ қасқыр ертегісімен танысу. Ертегі әдеби жанрлардың бір түрі. Ертегінің басқа жанрдан айырмашылығы – ертегіні ойдан, қиялдан құрастырады. Ертегіні оқып, мазмұнын ашу.</p>	<p>Егер жұмсам алақанды, Тарақ оюы шығады. Оюларды білетін, Біз қазақтың баласы. Кесе, шыны, пиала, Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді. Олардың атын не дейді? Ыдыс-аяқ. Қайсысы неден жасалғанын тауып, суреттерді қос. Дидактикалық ойыны. Саусаққа арналған: Жұдырық, тақтай, алақан ойын-жаттығу. Балалар шығармашылығы. Көрме. 4. Дене шынықтыру Балалар арасында достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруды жалғастыру. Бұл мен, бұлар менің достарым ойыны. Қимыл-қозғалыс ойыны: Жұбынды тап! Түрлі-түсті қол орамалдарын алып, орамалдардың түстеріне сәйкес жұп болып тұрады.</p>
--	--	--	--	---	---

	<p>Математикалық жазулар дәптерімен жұмыс.</p> <p>3.Сауат ашу негіздері</p> <p>Дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.Қатаң,ұяң,үнді дауыссыз дыбыстарды ажыратуды жетілдіру.Бір-біріне жақсы сөздер айтады. Сұрақ-жауап әдісі арқылы өткен тақырыпты қайталау.Тіл ұстарту ба-ба-ба,бақылдайды бақа.ыс-ыс-ыс, Келді міне,қыс.Оп-оп-оп,Балалар ойнады доп.Жау-жау-жау.Желбіреп тұр жалау.Ой-ой-ой, Қорада тұр қой.Ай-ай-ай,Ұшып кетті торғай.Ға-ға-ға, Ұшып кетті қарға. Кім зерек дидактикалық ойыны.Қатаң дыбыстар,ұяң дыбыстар,үнді дыбыстар.Жалауша</p>	<p>Өлең мазмұны бойынша сұрақтар. Көшелерден біз өткен. Ата көрсем,жақын кеп.Сәлем берем ізетпенАмансызба ата деп.Мнемокестедегі суреттер бойынша тақпақты жаттау. Дәптермен жұмыс. Әдепті бала туралы әңгіме құрау. Мақалды жаттау. Әдепті бала көрікті. Дидактикалық ойын.Не істеу керек? Ойын шарты: Сұрақтарға жауап алу арқылы балаларды әдептілікке жетелеу.</p> <p>4.Музыка</p> <p>Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту.Қазақ халқының музыкасын қабылдау. Әннің сипатын қабылдау,дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен</p>	<p>Отан-аудан,ауылың. Е.Ө.дәптерменжұмыс. Тапсырмаларды орындау.</p> <p>4.Дене шынықтыру</p> <p>Балаларды хоккей ойынымен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс тұруды үйрету. Шайбаны ілгері бағытта алып жүруге үйрету.Жұппен қозғалу,қозғалыс кезінде аяқ қолдың қимылдарынүйлестіру Мұзшалар,жел мен аяз қимыл-қозғалыс ойыны.Алаңқайды толық пайдаланып, бір-біріне соғылмай қозғалу керек. Ойыншылар екі шеңбер құрып тұрады. Бір шеңбер ақ қаршаның төңірегінде, екінші шеңбер көк қаршаның төңірегіне құрылады..Балалар шеңбер бойымен жәй жүреді.Жарқырап</p>	<p>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар.Қасқыр түссе қораға,Ұстамаса бола ма? Қасқыр қақпан құрайық, Біздің қақпан болаттай. Қасқыр,қасқыр келіп көр, Қақпан,қақпан берік бол! Дәптермен жұмыс.Диалог құру.Ертегі жүйесін сурет бойынша айту.Үй жануарларын ата.Үйқасын тап.Моп-момақан өзі,Сүп-сүйкімді қозы.Дидактикалық ойын.Жануардың даусын сал.Ертегінің рөлдерге бөліп сахналау.</p> <p>4.Музыка</p> <p>Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау,жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату.Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау,ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру,әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажырату.Халық биін үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен</p>	<p>Белгі бойынша шашырап жүреді.1,2,3-Өз түсінді тап деген бұйрық бойынша жұп болып екі тізбекке жылдам тұрады. Жүруді жүгірумен алмастыру. Тізбекке екі-екіден тұрады.Жүру,жүгіру. Ырғақты гимнастика.</p>
--	--	--	--	---	---

	<p>дидактикалықойыны Дәптермен жұмыс. Дыбыстық талдау. Лақ,гүл сөздерінің сызбасы.Оңға,оңға түзу тұр,солға,солға түзу тұр.Артқақарай бір адым,алға қарай бір адым.Жоғары- төменқарайық,Орны мызды табайық. Дәптермен жұмыс. Графикалық жұмыс. Үзік сызықтарды бастыр.Саусақ жаттығуы.Кіп- кішкентайсаусақтар. Шаршамайды,тын байды.Себебі бұл саусақтар.Жаттығу лар жасайды. 4.Дене шынықтыру Допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету.Гимнастика лық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету,қол мен аяқ</p>	<p>динамаикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын,қайырмасын ажырату.Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Халық биін үйрену арқылықөркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру.Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету. «Жаса Қазақстан» әнін орындау.Музыкалық- ырғақтық қимылдар: Көңілді балалар. Балалар жұптасып соң тұрады.Бірінен-соң бірі тұрады,тізені көтеріп жеңіл секіріп,серіппе жасап, шапалақтап,топылда тып,екеуі екі жаққа қарап айналады.Литва халық әуені.Музыка тыңдау:Туған ел. Дауыс жаттығуы. Ән айту:Жомарт елім. Астана әнін қайталау. Билер:Қара бала биі; Асатаяқ биі.Ойындар,</p>	<p>ақша қар,Сылдырлап ұшады!Дың,дың,дың! Шеңберде жүреді.Жел дегенде,шашырап жүгіре жөнеледі. Аяз!дегенде,қайта жүгіріп келіп өз шеңберін қайта құруы керек.Бірінші болып тұра қалған команда ұпай алады.</p>	<p>таныстыру.Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныс тыру.Жаса,Қазақстан әнін орындау.Музыкалық- ырғақтық қимылдар. Көңілді балалар литва халық әуені.Музыка тыңдау:Қазақстан жалауы. Еліміздің рәміздері туралы әңгіме.Дауыс жаттығуы.Ән айту: Тәуелсіздік таңы.Жомарт елім.Билер:Қара бала биі. Музыкалық аспапта ойнау:Илигай.</p>	
--	--	--	---	---	--

	<p>қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Біркұрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Қимыл-қозғалыс ойыны. Өз түсінді тап! Жұп болып екі тізбекке тұру. тізбекте жүру, жүгіру. Бірғақты гимнастика. Классиктер: Бір құрсаудан екінші құрсауға бір және екі аяқпен секірулерін жетілдіру. Қимыл-қозғалыс ойыны.: Дәл беру. Жұп болып, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Арақашықтықтары -3м. Серіктесіне допты табанымен домалатып әкеледі. Көңіл-күй рефлексиясы.</p>	<p>хороводтар: Ноталарды орналастыр. Музыкалық аспапта ойнау: Илигай.</p>			
<p>Балалармен жеке жұмыс</p> <p>Серуен</p>	<p>Балалармен жеке жұмыс. Жеке картаға сәйкес: әңгімелесу, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылықтарын арттыру. Балаларды реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту тақырыбына жеке әңгімелер өткізу. Серуен картатекасы №1, №2, №3, №4, №5 Ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау, әңгімелесу, көркем сөз,</p>				

Балалардың үйге қайтуы	спорттық, қимылды және ұлттық ойындар, еңбек әрекеті. Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.
------------------------	--